

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: пәнаралық = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. - № 3 (127). - P.55-70. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

doi.org/10.51452/kazatu.2025.3(127).1992

ӘОЖ 635.656(045)

Зерттеу мақаласы

Асбұршақтың жапырылуға төзімділігін зерттеу

Аринов Б.К.¹ , Мусынов К.М.¹, Хасанова Г.Ж.¹ , Кипшакбаева А.А.¹,
Кузбакова М.М.¹ , Зайлашева А.А.^{1,2}

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана, Қазақстан

²Ұлттық биотехнология орталығы, Астана, Қазақстан

Корреспондент-автор: Хасанова Г.Ж. khasanova-gulmira@mail.ru

Бірлескен авторлар: (1: БА) arinov_1982@mail.ru, (2: КМ) kazeke1963@mail.ru,
(3: АА) kiras78@mail.ru, (4: ММ) happy.end777@mail.ru (5: АА) azailashova@gmail.com

Қабылданған күні: 09.06.2025 **Қабылданды:** 26.09.2025 **Жарияланды:** 30.09.2025

Аннотация

Қазіргі уақытта біздің елімізде асбұршақтың жоғары технологиялық сорттарын өсіруге қызығушылық артып келеді, олар біркелкі пісумен, жоғары өнімділікпен және жапырылуға төзімділікпен сипатталады. Сөйтіп, жапырылуға төзімділік селекциясы – асбұршақ селекциялар бағдарламаларындағы – ең маңызды критерийлердің бірі болып табылады.

Алайда, бұл дақыл жапырылуға бейім, өйткені сабақтың негізі бастапқыда жіңішкертілген және әлсіз, ал ас бұршақ сабағының беріктігінің генетикалық өзгергіштігі өте шектеулі. Селекцияның баяу қарқынына қарамастан, соңғы жылдары ас бұршақтың жаңа формаларының жапырылуға төзімділік көрсеткіштерін жақсартуда маңызды жетістіктерге қол жеткізілді.

Елімізде көптеген өндірушілер детерминантты жартылай жапырағысыз қысқа сабақты сорттарды жоғары бағалайды. Мұндай асбұршақ өсімдіктері әдеттегі ауа-райы жағдайында піскенге дейін тік өседі, бұл өнім жинауды тезірек жүргізуге, жабдықты минималды бейімдеуге және тұқымның жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Детерминантты емес сорттар, арамшөптермен жақсы бәсекелестікке және жылу стрестері бар қолайсыз жағдайларда тұқымның тұрақты өнімділігіне қарамастан, әдетте өнім жинау кезінде қатты жапырылады және арнайы жинау процедураларын қажет етеді.

Егістік асбұршақтың гендік қоры (*Pisum sativum* L.) морфологиялық формалардың көп санымен ұсынылған, сонымен сорттары негізінен жапырақты және мұртты (жапырақсыз) морфотиптерге жатады. Жапырылуға төзімді болғандықтан, ең үлкен аумақтарды мұртты морфотиптің сорттары алады. Сонымен қатар, олардың жапырақ бетінің азаюы бірқатар жағымсыз салдарға әкеледі.

Мақалада, соңғы 20 жылдағы, ғылыми еңбектерге әдеби шолу жасалды. Асбұршақ өнімділігін арттыру әдістеріне қатысты неғұрлым заманауи мәселелер бойынша дәлелді эксперименталдық базаны қамтитын өзекті ғылыми деректерге жүйелі шолу жүргізілді, олардың ішінде ең тиімдісі өндіріске жаңа жоғары өнімді технологиялық сорттарды шығару және енгізу болып табылады.

Кілт сөздер: ас бұршақ; жапырылғыштық; төзімділік; селекция; мұртты (жапырақсыз) морфотип; өнімділік.

Кіріспе

Ас бұршақ (*Pisum sativum* L.) – әлемдегі ең маңызды бұршақ дақылдарының бірі. И.В. Савченконың және басқалардың деректері бойынша, ас бұршақ өндірісіндегі көшбасшылар Канада, Франция, Қытай, Ресей, сондай-ақ Үндістан, Украина, Германия. Бұл дақыл ерте көктемгі

мерзімде себіледі, ол топырақтағы күзгі-қысқы ылғал қорын жақсы пайдаланады, аурулар мен зиянкестерден аз зардап шегеді, ерте піседі [1].

Ауыл шаруашылығының қарқындылығына байланысты жоғары ақуызды бұршақ дақылдарының өндірісін ұлғайту қажеттілігі артып келеді, олардың негізгісі біздің елімізде ас бұршақ болып табылады. 2021-2030 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың тұжырымдамасында» өсімдік шаруашылығын дамыту проблемаларының бірі – селекциялық жұмыстың және тұқым шаруашылығы жүйесінің артта қалғандығы, отандық селекциясының тұқымдарымен қамтамасыз етілмеуі болып табылатыны көрсетілді [2].

Сондықтан, қоршаған ортаның стресс факторларына қарсы тұра алатын, тұрақты түрде жоғары сапалы өнімді қалыптастыратын жаңа жоғары өнімді сорттарды шығару және антропогендік және табиғи ресурстарды қолдану өзекті болып табылады.

Стрестік абиотикалық және биотикалық факторлардың әсерімен қатар, ас бұршақ өнімділігін төмендететін негізгі шектеу факторларының бірі, өсімдіктердің жапырылуға төзімділігінің төмендігі, әсіресе жоғары өнімділікті қалыптастыру үшін қолайлы жағдайларда қатты көрінеді [3-5]. Сонымен қатар, едәуір жапырақтылығы бар және үлкен вегетативті массаны құрайтын өсімдіктер гүлдену кезінде жапырыла бастайды [6-11]. Өсімдіктердің жапырылу нәтижесінде фотосинтетикалық әрекеттіліктің ерте төмендеуі, төменгі қабатындағы жапырақтар мен бұршаққаптардың бөртуі және шіруі байқалады [12-14].

Жапырылу - техникалық пісу кезеңінде жасыл асбұршақ дақылдарының айтарлықтай көп шығындарына әкеледі, ал өсімдіктердің толық пісуі кезінде механикаландырылған жинау үлкен қиындықтармен байланысты және тұқымның үлкен шашылуымен қоса жүреді. Мол ылғалданған жылдары астық өнімділігі биологиялық әлеуетпен салыстырғанда 25-60% төмендеуі мүмкін [15-18]. Асбұршақтың биологиялық өнімділігі өсімдіктегі қалыптасқан өнімді түйіндердің саны, түйінге байланған бұршаққаптардың саны, бұршаққаптағы тұқымдар саны және 1000 тұқымның массасы сияқты көрсеткіштерден құрылады [4, 19].

Көбінесе асбұршақ тұқымдарының барлық қалыптасқан өнімі өсімдіктердің жапырылғыштығына байланысты толығымен жинау мүмкін болмайды. Жапырылу әдетте асбұршақ өсімдіктерінің күйі деп айтады, онда сабақтар иіліп, ал өсімдіктің өнімді бөлігі топырақ бетінен жоғары емес орналасқан.

Өсімдіктердің жапырылуына көптеген факторлар себеп болуы мүмкін, соның ішінде: сабақтың және өсімдік массасының қарқынды өсуіне, саңырауқұлақ ауруларының дамуына әкелетін вегетация кезеңдегі өте мол ылғалдандыру, бұл сабақтың механикалық беріктігін әлсіретеді және тұқым сапасын төмендетеді. Сондықтан асбұршақ селекциясындағы бағдарламаларында басты критерийлердің бірі - оның жапырылуға төзімділігі [20].

Қазіргі уақытта тұқымның шашылуға және жапырылуға төзімді қасиеті бар бірқатар сорттар шығарылды. Дегенмен, мұндай сорттарды өндіріске сәтті енгізуге олардың қазіргі өсіріп жатқандармен салыстырғанда біршама төмен өнімділігі кедергі келтіреді. Жоғары технологиялық сорттарды шығару асбұршақ өсімдігінің кемшіліктерін (сабақтың жапырылғыштығы және тұқымның шашылуы) жоюды болжайды, ол үшін жоғары өнімді генотиптерге жабыса өскен тұқымның гүл табаны, жапырақтың мұртты түрі, сабақтың шектелген өсу типі және т.б. белгілерді енгізу қажет [21].

Сондықтан зерттеудің заманауи әдістерін, биоинженерияны, тиімді донорларды және құнды белгілердің көздерін тарта отырып, селекциялық процестің қолданыстағы технологияларын жетілдіру және жаңа технологияларын жасау өте өзекті болып табылады.

Жапырылуға төзімділігін зерттеу

Бұршақ екі негізгі бағытта қолданылады: ауыл шаруашылығы малдары мен құстарға ақуызды жем азық ингредиенті ретінде және тамақ өнімі ретінде [22-24]. Біздің елімізде өсірілетін астық бағытындағы асбұршақ сорттары жеткілікті технологиялық емес. Бұл мәселені шешу үшін асбұршақ селекциясында генофондты зерттеу, оларды асбұршақ селекциясына тарту үшін шаруашылық құнды белгілердің көздерін мақсатты іздеу өзекті болып табылады. Селекциялық процесті жетілдірудің ең қиын кезеңі, ол будандастыру, іріктеу және гибридті материалды тандау және зерттеу болып табылады. Бұл асбұршақ будандарындағы шаруашылық құнды белгілердің тұқым қуалауын жеткілікті зерттемеуге байланысты.

Асбұршақ өнімділігін арттыру үшін жаңа жоғары өнімді технологиялық сорттарды шығару және өндіріске енгізу ең тиімді болып табылады. Жаңа селекциялық жетістіктерді енгізудің қарқынын жылдамдату және шаруашылықтарды тұқымдық материалдың қажетті көлемімен қамтамасыз ету тұқым алу технологиясының жақсаруымен, сондай-ақ микротиңайтқыштарды, өсу реттегіштерін және стимуляторларды пайдалану кезінде танаптық дақылдарының сорттарының өнімділігін арттырумен байланысты [25-28].

Нарықтық экономика жағдайында әлеуетті өнімділігі 5-6 т/га ғана емес, сонымен қатар тікелей комбайнмен жинауға жарамды жоғары технологиялық сорттар қажет. *И.В. Кондыковтың* пікірінше, селекция максималды өнімділікке қол жеткізуге емес, өнімділік пен ауруға төзімділіктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін тұрақтандыру аясында, астықтың сапа көрсеткіштерін жақсартуға бағытталуы керек [29].

Айқын артықшылықтардан басқа, асбұршақты механикаландырылған өсіру және жинау танапта өнімнің айтарлықтай шығындалуына байланысты болуы мүмкін. Машинамен жинау тиімдірек және аз шығынмен болуы үшін асбұршақтың заманауи сорттары қолданыстағы технологияларға бейімделіп, бірқатар технологиялық көрсеткіштерге ие болуы керек. Тікелей комбайнмен жинау асбұршақ сорттарына қойылатын талаптарды қатайтады және оларда, ең алдымен, бір мерзімде пісетін, өсімдіктердің оңтайлы биіктігі және төменгі бұршаққаптардың тіркелуі, өсімдіктердің жапырылуға және пісіп жетілу кезінде бұршаққаптардың жарылуына төзімділігі сияқты белгілердің болуын қамтамасыз етеді [30].


Соңғы кездері тұқымның шашылмаушылық белгісі ерекше маңызды емес, өйткені соңғы астық жинау комбайндары өнімді уақытында жинау кезінде кәдімгі және шашылмайтын тұқымдары бар асбұршақ сорттарында астықтың шығындары бойынша айтарлықтай айырмашылықтары жоқ. Сонымен қатар, шашылатын тұқымдары бар егістік және далалық асбұршақ үлгілері шашылмайтын түрлерімен салыстырғанда тұқымның жоғары өнімділігін қалыптастырды [4].

Асбұршақ сорттарының технологиялық қасиеттерін шектейтін белгілерге - төменгі бұршаққаптардың тіркелу биіктігі және өсімдіктердің биіктігі жатады. Алайда, асбұршақ сорттарының өсуінің және механикалық жинау әдісіне жарамдылығының ең өзекті критерийі - олардың жапырылуға төзімділігі болып қала береді. Шамадан тыс ылғалданған жылдары, жапырылу себебінен, астық өнімділігі, биологиялық әлеуетпен салыстырғанда, 25-60% төмендеді. Ұзындығы 50-70 см біркелкі қалыңдатылған сабағы, қысқартылған түйін аралығы, 30-40 см және одан жоғары биіктікте бұршаққаптардың тіркелуі бар үлгілер салыстырмалы түрде жапырылуға төзімді болды. Өсудің детерминантты түрі бар сорттар тым перспективалы болды, ал бұршаққаптардың жоғары тіркелуі, механикаландырылған өнім жинау кезінде, төменгі қабаттағы тұқымның шығынын азайтты [31, 32].

Асбұршақ сорттарының жапырылуға төзімділік мәселесі көп қырлы екенін атап өткен жөн және жапырылу сипаты мен дәрежесіне, сондай-ақ егістік бітіктігінің биіктігіне әсер ететін, сабақтың ұзындығына және оның морфо-анатомиялық ерекшеліктеріне, жапырақ морфотипіне байланысты, көптеген сұрақтарды қамтиды [33-35].

Ресей Федерациясының көкөніс шаруашылығы федералды ғылыми орталығының селекционерлері сабақтың жапырылу мәселесін, берік сабақтарды, қысқартылған буынаралықтарды (1А-сурет), жапырақтың мұртты түрін (1В-сурет), сабақтың өсуінің детерминантты түрін (1С-сурет) қолданып, жаңа морфотиптерді шығару арқылы шешеді.

Ғылыми орталығы бұршақ дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы зертханасында селекцияның классикалық әдістерін қолдану нәтижесінде осындай белгілердің үйлесімі бар формалар алынды. Бірақ, жұмыс барысында мұндай формалар негізінен төменөнімділікпен сипатталып, бір өсімдікте 1,5-тен 2,5-ке дейін өнімді буындар пайда болатындығы анықталды (1Д-сурет) [16].



1-сурет – Көкөніс бағытындағы асбұршақ морфотипінің белгілері:

А-қысқартылған буынаралықтар, В1- қарапайым және В2 мұртты жапырақ түрі, С-сабақтың өсуінің детерминантты түрі және жапырақтың мұртты типі бар үлгі, Д- 2,5 өнімді буыны бар детерминантты үлгі, Е- 6,5 өнімді буындары бар детерминантты үлгі

Өнімділікті арттыру бойынша бағытталған селекция – қанықтыратын будандастыруларды қолдану нәтижесінде - осындай өсімдіктердің өнімді буындарының санын 4,5-6,5-ке дейін арттыруға мүмкіндік берді (1Е-сурет). Мұндай морфотиптің үлгілері дақылды механикаландырылған өнім жинау мәселесін шешуде - перспективалы болып табылады.

Соңғы уақытта, өндірушілер, асбұршақтың сабағы жапырылмайтын сорттарына көп назар аударады [36]. Дәнді бұршақ дақылдардың жапырылуға төзімділігін далалық бағалау - басым әдістердің бірі болып табылады, бірақ жазғы кезеңде жауын-шашын мол болған жылдары - белгінің көрінісі өте әлсіз және бағалау тиімсіз болады [37, 38].

Ас бұршақ өсімдіктерінің жапырылуға төзімділігін зертханалық бағалау дәнді дақылдар сабағының анатомиялық құрылымы бойынша төзімділікті бағалаудың өзгертілген әдістемесін пайдалана отырып жүргізілді [39].

Сабақтың анатомиялық құрылымын зерттеу өсімдіктің жапырылуға төзімділігін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Асбұршақ өсімдіктерінің жапырылуға төзімділігі склеренхиманың

перифериялық қабатының сабақтың қалыңдығына жақсы дамуымен және склеренхималық шоқтардың көп болуына байланысты. Хлорофиллтасушы паренхимасында орналасқан өткізгіш шоқтар-тяждар сабаққа беріктілік беретін механикалық ұлпалардың тяждарын құрайды. Склеренхима - қалыңдатылған қабырғалары бар жасушалардан тұратын механикалық ұлпа (қаңқаны құрайды) сабаққа күш береді, оның иілуіне жол бермейді [40, 41].

Соңғы 20-30 жыл бойында дақыл селекциясы өсімдіктердің морфологиясын сапалы қайта құру өркен басында бұршаққаптардың тығыз орналасуы, сабақтарының ұзындығын азайту, жапырақ пішіні, мұртты жапырақ жасау бағытында жүрді, бұл жапырылуға төзімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, нәтижесінде өнім жинау кезінде сорттардың өнімділігі мен технологиялық қасиеттерін арттырды. Асбұршақ сорттарының өнімділік деңгейі мен тұрақтылығы көбінесе морфологиялық адаптациялауымен, қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына бейімделуімен анықталады. Сортты дұрыс тандағанда, оның өнімділік әлеуетін барынша пайдалану мүмкіндігі пайда болады және осының арқасында өндіріс шығындарын арттырмай, нақты астық жинауды арттыруға болады [42]. Қазіргі уақытта селекция асбұршақты өсіруін жетілдіруде үлкен жетістіктерге жетті. Түбегейлі жаңа морфотиптер жасалды, мысалы, фасцияланған сабағымен және апикальды бөліміне ауысқан бұршаққаптары бар люпиноид.

Бүгінгі таңда әлемдік селекцияда мұртты типі жапырағы бар асбұршақ түрі кеңінен қолданылады. Табиғаты бойынша бұл жапырақсыздықтың мутациясы болып табылады. Алғаш рет мұртты жапырақ типі бар жапырақсыз пішінді *В.К. Соловьева* 1949 жылы ашты.

Жапырылу көбінесе жапырақшалы ұзын сабақты формаларға тән, мұртты формалары жапырылуға едәуір төзімді болды [43-45]. Алайда, мұртты карликтармен мен жартылай ергежейлілермен жапырақшалы ұзын сабақты асбұршақ сорттарын алмастыру жапырылу мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік бермеді [46, 47].

Батыс Сібірде де үлкен селекциялық жұмыстары жүргізілуде. Омбы мемлекеттік аграрлық университетінің ғалымдарының көпжылдық зерттеулерінің нәтижесінде келесі деректер анықталды «... көкөніс асбұршақтарының мұртты формалары биологиялық пісу кезеңінде жапырылуға үлкен төзімділікке ие». Мұртты морфотипі бар үлгілердің төзімділік коэффициенті, орта есеппен - 0,85; жапырақшаларда - 0,64 құрады [48].

Асбұршақтың оригиналды формасы – хамелеон алынды, оның айрықша ерекшелігі ярусты гетерофиллия болады [49]. Жарылған-жапырақты морфотип қазіргі уақытта асбұршақ селекциясында - фотосинтездің жоғары қарқындылығына ие перспективалы жапырақ варианттарының бірі ретінде қарастырылады [50]. Өндірісте, қазіргі кезде, мұртты жапырақ түрі бар сорттар өсіріледі, онда, аф 1а мутациясы, жапырақтарды, қалыпты жапырақтың терминалдық домендеріне сәйкес келетін бұтақталған мұртшаларға ауыстырады [51].

Әртүрлі аймақтардан эндемикалық формаларды селекцияда қолдану Ресейде өсірілетін негізгі бұршақ дақылдарының бірі ретінде асбұршақтың биоалуантүрлілігін едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді [52]. Бірақ, ғалымдардың өсімдіктің өзгертілген габитусымен сорттарға қатынасы әртүрлі. Бірқатар зерттеушілер, осы формалар өздерінің артықшылықтарын қолайлы ауа-райы жағдайында ғана көрсетеді және стрестік факторлардың әсеріне осал деп санайды. Осыған байланысты, тұқым өнімділігінің барлық элементтерінің параметрлерін жақсарту арқылы өнімділіктің тұрақтылығын арттыруға бағытталған селекция өзекті болып табылады.

Соңғы 20 жылда асбұршақ өнімділігі 15-20% өсті, бұл ауылшаруашылық өндірісіне, машинамен жинауға қолайлы сорттарды шығару және енгізу арқылы [53-55]. Селекцияда әртүрлі әдістерін (будандастыру, мутагенез) қолдана отырып, селекционерлер жоғары өнімді асбұршақ сорттарына, өсімдіктің буынаралық қысқаруын, тұқымның шашылу еместігін, сабақ өсуінің детерминантты түрін, мұртты жапырақ түрін бақылайтын гендерді (def, le, deh, af) енгізе алды [54].

Самара ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарының пікірінше, асбұршақ жинау кезінде тұқымның шығындары 60% және одан да көп болуы мүмкін. Жапырылуға төзімділігі жыл жағдайына да, және линиялар өсімдіктерінің ұзындығына да байланысты (1-кесте).

Самара ғылыми-зерттеу институтының тәжірибелік танабында жүргізілген зерттеулерге сәйкес, құрғақ жылдары жапырылуға төзімділігі, ылғалды жылдарға қарағанда жоғары екендігі анықталды. Мысалы, аз құрғақшылық жылдары линиялардың жапырылуға минималды төзімділігі 52%-дан 74%-ға дейін және өсімдіктің максималды ұзындығы 76,5 см 96,5 см дейін болды. Құрғақ жылдары линиялардың жапырылуға төзімділігі 90-дан 100% - ға дейін, ал өсімдіктің ұзындығы 45,6-дан 53,5 см дейін өзгерді [57].

1-кесте – Асбұршақ линияларының өсімдік ұзындығы мен жапырылуға төзімділігі, конкурстық сортсынау 2016-2020 жж.

Сорт, линия	min/max		2016-2020 жж орташа есеппен	
	өсімдік ұзындығы, см	жапырылуға төзімділігі, %	өсімдік ұзындығы, см	жапырылуға төзімділігі, %
Самариус	61,3-125,2	38-72	80,0	57
Б3583/11	47,5-95,7	63-100	64,6	82
Б3729/12	45,6-96,5	52-100	62,3	87
Б3737/2-2	45,6-76,5	74-99	55,4	89
Кт6358	53,5-80,5	57-100	62,6	86

Асбұршақ селекциясында Краснодар, Самара, Алтай, Татар, Башқұрт, Красноярск, Воронеж Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында, Донской аймақтық Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты), Бүкілресейлік дәнді бұршақ дақылдар ғылыми зерттеу институты, Мәскеудегі «Немчиновка» Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты, Урал, Ульяновск Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты, Фаленск Мемлекеттік селекциялық станциясы, Солтүстік Урал Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты маңызды нәтижелерге жетті [56]. Бүкілресейлік дәнді бұршақ дақылдары ғылыми зерттеу институтында асбұршақтың жаңа жапырақ мутанттары алынды және генетикалық зерттелді: хамелеон, А-агримут, В-агримут, бөлінген жапырақты, баттерфляй. Бағалы қасиеттері мен белгілері бар Донской аймақтық Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының сорттары да үлкен қызығушылық тудырады: Аксайский усатый 5, Усатый кормовой, Ростовский мелкосемянный. Башқұрт ғылыми-зерттеу институтында жоғары өнімді дәнді асбұршақтың жаңа сорттарын жасау үшін ұзақ уақыт бойы үлкен селекциялық жұмыстар жүргізілді. Жарықшақталатын гибридті популяциялардан өсімдіктерді бірнеше рет жеке сұрыптау әдісімен ерте пісетін сорттар шығарылды-Чишминский 39, Чишминский 210. Күрделі сатылы будандастыру әдісін қолдана отырып, Чишминский 75, Чишминский 95, Чишминский 80 және Чишминский 229 шашылмайтын тұқымдары бар жапырақты морфотипті асбұршақтың жоғары өнімді сорттары жасалды. Татар ғылыми-зерттеу институтында пайдалану түрі бойынша өндіріс қажеттіліктерін ескере отырып, тікелей жинауға жарамды және құнды шаруашылық қасиеттері бар, жапырылуға төзімділігі жоғары мұртты жапырақ түрі бар сорттар тобы құрылды). Н.М. Тулайков атындағы Самара Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институты Самариус және Флагман 12 асбұршақтың жаңа сорттарын белгілердің үйлесімімен алды: жапырақсыздық, қысқартылған сабақ, шашылмайтын тұқымдар, өсудің детерминантты түрі, сабақтың жоғарғы бөлігіндегі бұршаққаптардың тығыз орналасуы [57].

Заманауи селекциясында бастапқы материалдың жаңа генетикалық әртүрлілігін зерттеу және бағалау қажет. Осыған байланысты үлгілерді ДНҚ-типтілеу әдістерін қолдану өзекті болып табылады. Генофондты морфобиологиялық белгілері бойынша, экологиялық географиялық зерттеуде анықталған бейімделу қабілеттері бойынша жіктеуге әртүрлі тәсілдердің үйлесімділігін анықтау ерекше қызығушылық тудырады. Асбұршақтың селекциясын дамытудағы прогресс - маңызды белгілері бар жаңа морфотиптерді шығару, жеке құнды генотиптер мен будандарды ұзақ уақыт сақтау, сондай-ақ қажетті сорттар мен сызықтарды тез көбейту арқылы селекцияның кейбір кезеңдерін жеделдету арқылы селекциялық процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін биотехнологияның жаңа әдістерін енгізуді талап етеді. Биотехнологиялық әдістерді қолдану қарқынды дамып келе жатқан бағыт болып табылады, оның нәтижесінде ұлпалар мен жасушаларды өсіру (дақылдандыру) технологиялары жасалды, кейін фертилді өсімдіктерден регенерация жүргізіледі. Осындай әдістерді қолдана отырып - негативты факторларға (құрғақшылық, тұздану) төзімділікті зерттеу, бұршақ дақылдарын клондау техникасы мен шарттарын зерттеу, бастапқы формалардың әртүрлілігін қамтамасыз ете алатын каллустардан регенеранттарды алу және асбұршақ өсімдіктерінде генетикалық түрлендірулерді қолдану

бойынша - жұмыстар жүргізілуде. Дәнді бұршақ дақылдар ғылыми зерттеу институтында асбұршақ генотиптерінің су тапшылығына төзімділігінің *in vitro* жасушалық селекциясы бойынша инновациялық зерттеулер жүргізілуде [57].

Асбұршақтың мақсаттылық селекциясы бүкіл әлемде кем дегенде екі ғасыр бойы жүргізіліп келеді. Дақылдың әлеуетін арттыру бойынша әлемдік жетістіктер өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерімен байланыс мәселелерді шешудің жаңа бағыттарының ашылуымен байланысты. Соңғы кезеңдегі селекцияның нәтижелері жапырақтың (af, af unitac), сабақтың (det, deh, lm, le), тұқымдардың (def) мутантты белгілерін пайдалана отырып, жапырылуға төзімділігін, тұқымның шашылуын, бірден пісіп-жетілуін жақсарту үшін - асбұршақтың фенотиптік әртүрлі селекциялық жетістіктерін шығарумен сипатталады [58, 59].

Лигнин қалыптасуының деформациясымен бұршақтаптың мутациясының селекциялық белгісі ретінде қолдана отырып, жарғақтардың ашылу және тұқымдардың шашылу мәселесін шешуде жаңа бағыт алғаш рет дамытылған [60]. Селекция нәтижесінде қолайлы ауа-райы және агротехникалық жағдайларда дәнді мақсаттарға арналған асбұршақ өнімділігінің әлеуеті сорттың 60%- үлесінде 6,0 т/га жетуі мүмкін [61]. Бірақ сорттардың әлеуетін іске асыру қоршаған ортаның стресстік факторларының әсеріне қатты тәуелді, бұл селекциялық жетістіктердің төзімділігіне өзгеріп жатқан өсіру жағдайларына жоғары талаптар қояды [62, 63].

Жоғары өнімді және тұрақты агробιοценоздың негізі болып қауіпсіз өнім алуды қамтамасыз ететін қабілетті бар экологиялық тұрақты сорттар табылады.

Абиотикалық, биотикалық факторлардың әсеріне реакциясы бойынша генотиптерді бағалау олардың бейімделу қабілеттігін – «генотип × орта» өзара әрекеттесуін статистикалық талдаудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, ортаның белгілі бір жағдайларында өзіне тән белгінің фенотиптік мәнін қолдау қабілеттігін анықтауға мүмкіндік береді [64-66].

Қазақстанда асбұршақ селекциясы толық селекциялық схемасы бойынша Қарабалық АШТС (Қостанай), А.И. Бараев атындағы Астық шарашылығы ғылыми өндірістік орталығы (Астана) және Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында (Алматы) жүргізіледі. Оңтүстік-шығыста Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-де асбұршақ селекциясы бойынша зерттеулер, үзіліспен, 1971 жылдан бастап жүргізіліп келеді және бұл мекеме асбұршақ селекциясы және тұқым шаруашылығы бойынша ғылыми зерттеулердің үйлестірушісі болып табылады. Коллекциялық питомникке 113-тен астам сорт үлгілері кіреді, олардың арасында Ресей өсімдік шаруашылығы институтынан (ВИР), дәнді-бұршақты дақылдар институтынан (Орел, Ресей), Красноярск Ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының селекциялық орталығынан үлгілері бар.

Асбұршақ селекциясының нәтижелерін және асбұршақтың әртүрлі географиялық шығу коллекциясының шаруашылық-құнды белгілері мен қасиеттерін зерттеуді ескере отырып, селекция процесінің барлық кезеңдерінде сұрыптау мен ақауды ескере отырып және белгілері мен қасиеттердің тұқым қуалау және корреляциялық тәуелділігін біле отырып, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары, Қазақстанның әртүрлі аймақтары үшін асбұршақтың перспективті сорттарының моделінің параметрлері, аудандастырылған сорттармен салыстырғанда, анықталды (2-кесте).

Қазіргі уақытта асбұршақ селекциясында приоритеттік бағыты – жапырақсыз дәнді-жемазық дақылдардың сорттарын шығару болып табылады. Мұндай сорттар жапырылуға жоғары төзімділігін қамтамасыз ету үшін берік, қысқа сабаққа және мұртты жапырағының түріне ие болуы керек. Асбұршақтың әр жақты пайдаланылуын ескере отырып, өндірісте жапырақшалы ұзын сабақты және мұртты қысқа сабақты сорттардың болғаны жөн [67].

Солтүстік Қазақстанда, пайдалануға ұсынылған сорттар, құрғақшылық жылдары ылғалдандыру бойынша оңтайлы жылдарымен салыстырғанда 30-50% төмен өнім қалыптастырады, сонымен ылғалды жылдары тұқымның сапасы ГОСТ талаптарына сәйкес келмейді.

2-кесте – Асбұршақ сорттар моделдерінің параметрлері және жеке сипаттамаларының көздері

Сипаттамалар	Аудандастырылған сорт Аксары	Болашақ сорттың моделі	Генетикалық көздері
Вегетациялық кезеңі, тәулік	70-78	70-80	Зима, Чика, Фрагмент, Онвард, Сахарный, Ofelia, Arousel shoag Ji -194, Сахарная принцесса, Амброзия, Виола, Лянквин
Өсімдіктің биіктігі, см	55-60	>50	Руслан, Фрагмент, 3391, 8418, Xinjiang log wani, Аннушка, Мигелла, Яхонт, Софья, Дезире
Жапырылуға төзімділігі, балл	5	5	Спартак
Шашылуға төзімділігі, балл	5	5	Батрак, Спартак

Алға қойылған міндеттерді іске асыру барысында «А.И. Бараев атындағы Астық шарашылығы ғылыми өндірістік орталығы» ЖШС орташа мерзімде пісетін «Өріс» асбұршақтың жаңа сорты шығарылды. «Өріс» сорты ОКП 308/98 х Омский неосыпающий гибридті линиясынан жеке сұрыптау әдісімен шығарылды. «Өріс» асбұршақ сорты бойынша селекциялық жұмыс 2004 жылы басталды. Танаптық байқаулар мен зертханалық талдаулар нәтижесінде 145-04-3 линиясы бөлінді, ол селекциялық сынаулардың барлық кезеңдерінен сәтті өтті және 2017 жылы жаңа сорты ретінде мемлекеттік сортсынауға берілді.

Жапырақ түрі дарақауырсынды, акация тәрізді, жапырақ ұзынша - жұмыртқа тәрізді. 1000 тұқымның массасы орташа (210,5-220,5 г). Сорттың ең маңызды биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері: орташа мерзімде пісуі, жапырылуға төзімділігі.

Стандартты «Омский неосыпающий» сортпен салыстырғанда, ауа райы жағдайлары және алғы дақылға байланысты, 3 күн кеш піседі. Сорт тұқымның шашылмау белгісіне ие, жапырылуға жоғары төзімділікпен сипатталады, бір мерзімде піседі, механикалық жинауға жарамды. Солтүстік Қазақстан жағдайында өнімділігі бойынша ол «Омский неосыпающий» стандартты сортынан 4,9 ц/га артық [68].

Қорытынды

Қазіргі уақытта молекулалық-генетикалық маркерлерді қолдану өсімдіктердің селекциялық-құнды белгілерін және жаңа сорттардың генетикалық құрастыруын қамтасасыз ететін - хромосомаларды карттауға, гендерді идентификациялауға, сонымен бірге жекелеген түрлер арасындағы таксономиялық өзара қатынастарды анықтау үшін үлкен перспективаларды ашады. Толық генетикалық карта - генотиптің құрылымы, мутациялардың табиғаты, мутагендердің әсер ету механизмдері және жеке белгілердің генетикалық бақылауы туралы терең білім алуға мүмкіндік береді.

Авторлардың үлесі

Барлық авторлар зерттеулерді жүргізуге қатысты. Нәтижелерді тұжырымдады, әдеби шолуды жүзеге асырды, деректерді талдады, мақала дайындады, сонымен қатар түзетуді және оқып шығуды жүзеге асырды. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, қарап, мақұлдады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеулер Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілді. ҚР ҒжЖББМ ҒК ЖТН: АР23489305 "Солтүстік және Орталық Қазақстанда қарқынды өсімдік шаруашылығы үшін маркер-жанама түрдегі селекция әдісімен асбұршақтың жапырылуға төзімділігін агрономиялық зерттеулер және молекулалық-генетикалық зерттеу".

Әдебиеттер тізімі

- 1 Вербицкий, НМ, Шурупов, ВГ, Илюшечкин, АВ. (2007). Горох – высокобелковая культура. *Главный агроном*, 2, 24-27.
- 2 Правительство Республики Казахстан. (2021). Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2030 годы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960>
- 3 Beeck, CP, Wroth, JM, Cowling, WA. (2008). Additive genetic variance for stem strength in field pea (*Pisum sativum*). *Australian Journal of Agricultural Research*, 59, 80-85. DOI:10.1071/AR07069.
- 4 Пономарева, СВ. (2018). Изучение исходного материала коллекции гороха в условиях Нижегородской области. *Аграрная наука Евро-Северо-Востока*, 63(2), 23-28.
- 5 Самарин, НА. (2021). *Селекция и семеноводство гороха овощного использования*. Краснодар: Издательство.
- 6 Жогалева, ОС, Стрельцова, ЛГ. (2021). Высота растений и устойчивость к полеганию сортов гороха под влиянием хелатных микроудобрений. *Аграрный вестник Урала*, 5, 31-39.
- 7 Кузьмина, СП, Казыдуб, НГ, Бондаренко, ЕВ. (2018). Применение кластерного анализа в селекции гороха овощного. *Вестник НГАУ*, 1, 35-42.
- 8 Семенова, ЕВ, Шолухова, ТА, Бойко, АП. (2020). *Горох: агробиологическая характеристика сортов разных направлений использования в условиях Краснодарского края*. Санкт-Петербург: ВИР им. Н.И. Вавилова.
- 9 Семенова, ЕВ, Проскурякова, ГИ. (2021). Результаты изучения образцов гороха (*Pisum sativum* L.) из коллекции ВИР в Тамбовской области в 1995–2017 гг. *Зернобобовые и крупяные культуры*, 1, 5-13.
- 10 Браилова, ИС, Филатова, ИА. (2019). Коллекция гороха – источник хозяйственно ценных признаков. *Зернобобовые и крупяные культуры*, 3, 27-33.
- 11 Катюк, АИ, Майстренко, ОА. (2018). Результаты селекции зернового гороха на повышение урожайности, качества зерна и технологичности к механизированному возделыванию. *Известия Самарского научного центра Российской академии наук*, 20(2), 641-645.
- 12 Давлетов, ФА, Гайнуллина, КП, Магафурова, ФФ. (2020). Сравнительное изучение хозяйственно-биологических признаков у сортов гороха, созданных в Республике Башкортостан за последние 30 лет. *Известия Оренбургского государственного аграрного университета*, 4, 72-77.
- 13 Кайгородова, ИМ, Ушаков, ВА, Голубкина, НА, и др. (2022). Пищевая ценность, качество сырья и продовольственное значение культуры гороха овощного (*Pisum sativum* L.). *Овощи России*, 3, 16-32.
- 14 Кайгородова, ИМ, Котляр, ИП, Ушаков, ВА, и др. (2023). Приоритетные направления современной селекции гороха овощного (*Pisum sativum* L.). *Овощи России*, 4, 5-12.
- 15 Омелянюк, ЛВ, Асанов, АМ, Кармазина, АЮ. (2021). Доноры признаков структуры стебля в селекции гороха усатого морфотипа для Сибирского региона. *Вестник Омского ГАУ*, 4, 25-34.
- 16 Skubisz, G., Kravtsova, TI, Velikanov, LP. (2007). Analysis of the strength properties of pea stems. *International Agrophysics*, 21, 189-197.
